

# ОПУБЛИКОВАТЬ СТАТЬЮ

в изданиях НИЦ "Социосфера"



[ПОДРОБНЕЕ](#)

## СОЦИОСФЕРА

- *Российский научный журнал*
- *ISSN 2078-7081*
- *РИНЦ*
- *Публикуются статьи по социально-гуманитарным наукам*

## PARADIGMATA POZNÁNÍ

- *Чешский научный журнал*
- *ISSN 2336-2642*
- *Публикуются статьи по социально-гуманитарным, техническим и естественно-научным дисциплинам*

[ПОДРОБНЕЕ](#)



## СБОРНИКИ КОНФЕРЕНЦИЙ

- *Широкий спектр тем международных конференций*
- *Издание сборника в Праге*
- *Публикуются материалы по информатике, истории, культурологии, медицине, педагогике, политологии, праву, психологии, религиоведению, социологии, технике, филологии, философии, экологии, экономике*



[ПОДРОБНЕЕ](#)

# ҚАЗАҚСТАН АЙМАҚТАРЫНЫҢ ЭТНОДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ ТЕҢСІЗДІГІ

**Р. У. Рахметова**

*Экономика ғылымдарының докторы,  
профессор,  
Қазақстан Республикасының ғылым  
және білім министрлігінің  
Ғылым комитетінің экономика  
институты,  
Нур-Сұлтан қаласы, Қазақстан*

---

**Summary.** This article considers the dynamics of the ethnic composition of the population of Kazakhstan. It also focused on the peculiarities of the location of the main nations in the regions and showed the impact of natural growth on the demographic development of the region. This article is the result of research on the scientific project BR10965247 “Study of factors, characteristics and dynamics of demographic processes, migration, urbanization in Kazakhstan, development of digital maps and forecasts”.

**Keywords:** region; ethnic composition; share; natural growth.

---


Әлемдік елдерде ғалымдар халықтардың этникалық ерекшеліктерінің демографиялық аспектілерімен байланыстыра бастады. Сонымен қатар ғалымдар нақты елдердің, оларда тұратын этностардың демографиялық мәселелерін жеке зерттеді. Бұл бастамаларға демографиялық үрдістердің дамуы, әсіресе бала туу көрсеткіштері халықтардың этникалық ерекшеліктеріне байланыстылығы себеп болды. Этностардың қалыптасқан үрдістерін толық зертеу арқылы ғана демографиялық дамуды түсіну мүмкін.

Осыған байланысты, Қазақстан республикасында жүзден астам ұлт өкілдері тұрғандықтан қарастырылып отырған мәселе өзекті деп есептейміз. Әлемдік деңгейдегі үрдістерді зерттеу кезінде құрылықтарда орналасқан әр түрлі ұлттардың этникалық ерекшеліктеріне байланысты демографиялық дамуында да айырмашылық бар екенін белгілі, мысалы, еуропалықтар мен азиялықтардың бала тууында, оның қажеттілігіндегі айырмашылығы.

Қазақстан өңірлерінің демографиялық даму үрдісі онда орналасқан ұлт өкілдеріне тікелей байланысты. Елімізде жүзден астам ұлт өкілдерінің ішінде жеті ұлт бір пайыздан жоғары үлесін құраған, 2021 жылдың басында неміс халқының үлесі 0,92 пайызды құрады.

Республикада тұратын барлық этностардың сандық динамикасын 1989–2020 жылдардың аралығында қарастырсақ өзгергенін байқаймыз, жеке этностардан түркітөктес халықтарда өсу тенденциясы байқалады. Мемлекет құраушы халық – қазақтар осы аралықта 1,9 еседей өскен, одан кейін өзбектер 1,7 есе, ал ұйғырлар 1,4 есе өскен. Қазір елімізде 12,2 млн қазақтар, 576,8 мың өзбектер және 265,5 мың ұйғырлар тұрады. Үш ұлт өкілдері (қазақ, өзбек, ұйғыр) зерттеу аралықтарында ұдайы өсу


тенденциясын сақтаған. Осы аралықтағы еліміздегі болған қоғамдық өзгерістерді, яғни формациялық ауысу (1991ж), экономикалық күйзеліс кезеңіне қарамай оң тренд сақтау осы халықтардың демографиялық жетістігі (сурет 1, 2), [1].



Ескерту – [1] негізінде автордың есептеуі

**Сурет 1. Қазақстандағы ұлттардың 1970-2020 жылдардағы сандық үлес динамикасы**

Ұлт өкілдерінің ішінде орыс халқы зерттеу аралығында 2,6 миллионға кеміген, 1989 жылы 6,2 млн болса, ал 2021 жылдың басында 3,5 млн болды. Жалпы 1990 жылдарға дейін табиғи өсім болған, алғашқы тәуелсіздік жылдарында (1989–1999 ж.ж.) миграциялық қозғалыстар және туу коэффициентінің төмендеуіне байланысты кеміді. Славян халықтарының ішінде күрт кеміген украин халқы, 1989 жылдан үш есеге кеміді. Осы халықтардың сандық өзгерісінің себептері, негізінен тарихи отандарына оралуы мен туу көрсеткіштерінің төмен және балалар өлімінің жоғары болуы.



Ескерту – [1] негізінде автордың есептеуі

**Сурет 2. Қазақстандағы ұлттардың 1970-2020 жылдардағы сандық үлес динамикасы**

Қазақстан халқының ұлттық құрамы әр кезеңде өзгерісте, мысалы, 1989 жылдары мемлекет құраушы халық қазақтар 39,7 % құраса, ал орыстар 37,8 % құрады. Қазір 2021 жылы керісінше 69,0 % және 18,4 % құрады. Зерттеу аралығында көрші елдің өкілдері өзбектер саны жағынан және үлесіне қарай екі есе өсіп, қазір барлық халықтың 3,2 % құрайды. Украин халқы туу және өлім көрсеткіштеріне байланысты осы аралықта 5,4 %-дан 1,4 % түсті. Неміс халқы еліне қайту мүмкіндігі туғанда 1991 жылдардан бастап миграциялық қозғалыстардың әсерінен 5,8 %-дан 0,9 %-ға дейін қысқарды. Енді осы халықтардың өңірлерге орналасу үлесіне тоқталайық.

Көп ұлтты мемлекетте этностардың географиялық аймақтарды таңдауы немесе шоғырлануы, сол елдің демографиялық көрсеткіштері мен әлеуметтік–экономикалық мәселелеріне әсері болады. Жалпы түркітөктес ұлттардың демографиялық көрсеткіші және балаға сұранысы жоғары, бұл ұлттық ерекшелігі. Этнодемографиялық көрсеткіштердің тенденциясы өңірді еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету, экономикасының индустриялы-инновациялы дамуын қамтамасыз ету мәселелеріне әсерін ескерсек, онда түркітөктес халықтар мен еуропалық халықтардың орналасуы аралас тиімді баланста болғаны дұрыс.

Еліміздің халқының өңірлер бойынша ұлттық құрамында қазақтардың 90 % жоғары үлесін алатын аймақтар Қызылорда (96,4 %), Манғыстау (91,4 %) және Атырау (92,86 %) облыстарында, ал 70–90 пайыздың аралығында Нұр-Сұлтан қ., Ақтөбе, Оңтүстік және Батыс Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарында тұрады. Өзбектер тек Түркістан және Шымкент қаласында (17,3%), ал ұйғырлар Алматы (5,4%) қаласы мен облысында (7,7%) орналасқан. Осы түркітөктес ұлттар көп шоғырланған өңірлерде демографиялық ахуал жоғары. Еуропалық ұлттар – орыс, украин, немістер солтүстік аймақтарда, оның ішінде Солтүстік Қазақстанның халқының жартысы орыстар (49,2 %), Қостанай облысында (40,6 %), Шығыс Қазақстан (35,1 %), Қарағанды (34,7 %) облысында орналасқан [1].

Көп ұлтты мемлекетте этностардың географиялық аймақтарды таңдауы немесе шоғырлануы, сол өңірдің демографиялық көрсеткіштеріне әсері болады. Енді ұлттардың өңірлерде орналасуы үлесі мен сол өңірдің демографиялық табиғи өсімінің арасындағы байланысты қарастырайық. Осыған байланысты еліміздің 17 өңіріндегі этностардың қоныстануы ерекшелігіне тоқталамыз. Жалпы түркітөктес және еуропалық ұлттарының демографиялық көрсеткіштерінің тенденциясына сәйкес 1-ші кестеде Т – қазақтар, өзбектер және ұйғырлардың сомасы, Е – орыстар, украиндар, татарлар, неміс ұлттарын біріктіріп есептелген.

Елімізде 2020 жылдың ресми мәліметі бойынша 73,2 % түркітөктес халықтар, еуропалықтар 22,3 % құрады. Жалпы түркітөктес ұлттардың шоғырлануы Алматы (12,1 %) мен Түркістан (13,8 %) облысында, ал еуропалық ұлттар Қарағанды (14,1 %), Қостанай (11,2 %), Шығыс

Қазақстанда (12,5 %) және Алматы қаласында (12,3 %). Оның ішінде, қазақтардың 90 % жоғары үлесін алатын өңірлер Қызылорда (96 %), Манғыстау (91 %) және Атырау (93 %) облыстарында тұрады және олардың демографиялық ахуалыда жоғары. Өзбектер тек Оңтүстікте (17 %), ал ұйғырлар Алматы (5 %) қаласы мен облысында (8 %) орналасқан.

Кесте 1

**Аймақтардағы этностардың орналасу үлесі және табиғи өсімі, 2020 г.,%**

Аймақтар	Этностар үлесі,%		Табиғи өсім	Аймақтар	Этностар үлесі, %		Табиғи өсім
	Т	Е			Т	Е	
ҚР	73,2	22,3	14,2	Қызылорда	96,5	2,0	19,5
Ақмола	52,1	42,0	5,4	Манғыстау	91,6	5,7	24,7
Ақтөбе	83,5	15,1	16,1	Павлодар	53,3	43,6	4,1
Алматы	80,3	14,3	18,5	Солтүстік Қазақстан	35,5	59,1	-1,2
Атырау	93,0	5,7	20,4	Түркістан	93,2	2,2	23,8
Батыс Қазақстан	76,9	21,7	10,7	Шығыс Қазақстан	61,3	37,9	4,4
Жамбыл	75,6	11,0	17,7	Нұр-Сұлтан қ.	80,9	15,4	20,2
Қарағанды	52,7	42,4	5,8	Алматы қ.	67,5	26,5	10,8
Қостанай	41,4	53,7	1,2	Шымкент қ.	85,3	10,3	23,6

Ескерту – [1] негізінде автордың есептеуі

Орыс халқы солтүстік аймақтарда, оның ішінде Солтүстік Қазақстанның халқының жартысы орыстар (49 %), Қостанай (41 %), Шығыс Қазақстан (36 %), Қарағанды (35 %) облысында орналасқан, демографиялық жағдайы нашар. Мысалы, Қостанай облысында европалық ұлттардың үлесі 53,7 % болса, ал табиғи өсімі республикалық деңгейден он еседей төмен. Сол сияқты Солтүстік Қазақстан облысында европалықтардың үлесі жоғары және оған сәйкес табиғи кему орын алған. Жалпы европалық ұлттар көбірек орналасқан өңірлерде демографиялық жағдайдың төмендігін байқаймыз. Бұл демографиялық ахуал сол аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайына да әсер етіп отыр. Осының негізгі себебін туу көрсеткіштерінің төмендігінде және миграциялық қозғалыстың жалғасуында.

**Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі  
Ұлттық статистика бюросы <https://www.stat.gov.kz>. (пайдалану мерзімі 09.05.2021)



## СРОЧНОЕ ИЗДАНИЕ МОНОГРАФИЙ И ДРУГИХ КНИГ



*Два места издания Чехия или Россия.  
В выходных данных издания  
будет значиться*

**Прага: Vědecko vydavatelské  
centrum "Sociosféra-CZ"**

*или*

**Пенза: Научно-издательский  
центр "Социосфера"**

## РАССЧИТАТЬ СТОИМОСТЬ

- Корректурa текста
- Изготовление оригинал-макета
- Дизайн обложки
- Присвоение ISBN



## У НАС ДЕШЕВЛЕ

- Печать тиража в типографии
- Обязательная рассылка
- Отсудка тиража автору